

растущий поток русских переселенцев и незаконные изъятия земель Переселенческим Управлением [6, с.108]. Почти 19 миллионов гектаров равнинной земли были заняты новым поселенцами. Это была земля, которая использовалась в качестве пастбищ казахским кочевниками. Растущий приток русских поселенцев на равнине вынуждал тысячи казахов покидать Россию в надежде поселиться на территории Китая. Массовая иммиграция имела место в 1912-1914 годах. Большинство казахов перекочевали в области Или и Алтай [6, с.108].

Колониальная политика как мы видим вынудила казахов прибегнуть к откочевке. В то время для простых кочевников это было одним из верных решений, ведь противостоять против технически оснащенной регулярной армии было очень тяжело и опасно для жизни. Вооруженное восстание уносили, куда гораздо больше человеческих жизней, чем откочевка. Уход за пределы страны позволила казахам найти новые пастбища, тем самым сохранив свой скот и свою жизнь. Самой откочевкой демонстрировали свою активную поддержку повстанцев таких, как Срым Датулы, Кенесары Касымов. В конце концов, откочевка позволила казахам расширить свой ареал обитания, за счет этих миграции численность казахов увеличилась на территории Китая, Узбекистана и других соседних странах. Конечно это большая потеря для Казахстана, итак численность казахов невелика в самой республике, а тут свыше миллиона наших братьев проживают в соседних странах.

#### Список литературы

1. Мертон Р.К. Социальная структура и аномия // Социс. - 1992. - №3. - С. 104-114.
2. Вяткин М. Батыр Срым. Учебное пособие. –Алматы, „Санат», 1 998.–344 стр.
3. Кузембайулы А., Абиль Е.А.История Казахстана: Учебник для вузов. 8-е изд. перераб. и доп./ -Костанай: Костанайский региональный институт исторических исследований, 2006 - 350 с.
4. Бекмаханов Е.Б. «Присоединение Казахстана к России».-Москва ,1957 г.-335 с.
5. Дильмухамедов Е.Д. Восстание казахов под руководством Кенесары Касымова в 1837-1847 г.г. - Алматы, 2010 г. - 200 стр.
6. Мендикулова. Г. М- Казахская диаспора: история и современность. Монография.- Алматы, 1997.- 265

#### КЕҢЕСТІК БИЛІК ТҰСЫНДАҒЫ АСЫРА СІЛТЕУШІЛІККЕ ҚАРСЫ 1929 – 1931 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ

Алтынбек Гүлсая, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: т.ғ.к, профессор **Исенов Ө.И.**

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақтардың ұлт ретіндегі өмірге келгеннен бергі ең сойқанды соққы болған 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басындағы қасіреттің түп төркіні сол ірі байлардың шаруашылығын құртуда жатқан – ды. Ірі байларды тәркілеу туралы 1928 жылы тамызда жарияланған атышулы декреттің нәтижесінде қазақтың атақты 700 байының мал – мүлкі тартып алынды. Жоғарыда айтылғандай, қазақ руларының өзіндік бір сақтық қоры саналып келген осы қазына талай келген экологиялық – экономикалық жүйеде зорлықпен ажыратылды. Аса маңызды экономикалық өзектер қаңырап бос қалды да, әлеуметтік және шаруашылық байланыстар пышақ кескендей үзілді. Соның салдарынан этностың өмір – тынысын қамтамасыз етудің ғасырлар бойы нәрленіп, өзек тартқан өте нәзік тәсілі талқан болды. Болашақтағы ұлттық апаттың алғашқы ұлы ұрығы осылай тамырланды», - деп баса айтқан болатын. Оның басты себебі – бүгінгі жағдайымызға оңай жетпегендігімізден деп ойлаймыз. Тәуелсіз Қазақстанның 28 жылдық тарихы артта қалды. Тарихымызды жазуға да тәуелсіздік туды. Тәуелсіздігіміз ұлттық санамыздың оянуына

түрткі болды. Бұл тәуелсіздікті біреу бізге бере салған жоқ. Ол сан ғасырлар бойғы ата-бабаларымыздың осы жолдағы қанды шайқастарымен, шындық жолында шыңғырған айтыстарының нәтижесі.

Қазақстан егеменді ел ретінде әлемдік өркениеттен өз орнын тауып, қоғамдық өмірді демократияландыруды қолға алғаннан бастап ұлттық тарихымызға жаңадан талдауға жол салынды. Кеңестік отарлық саясат кезінде бұрмалаушылыққа тап болған еліміздің бұралаң тағдырына шолу жасасақ, көз алдымызға ең бірінші 1930 - жылдар зобалаңы оралады.

Қазақ даласында кеңес үкіметінің күшпен жүргізген «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұранының нәтижелері халықтың ашық наразылығын тудырмай қоймады.

Біз бүгінгі күні тәуелсіздікке ие болған республикамыздың тарихындағы «ақтаңдақ» болып зерттелмей келген әрі «қаратандақ», яғни қан жұтып, қара жамылған қайғылы күндерімізді көз алдымызға қайта әкелетін кейбір халық наразылықтары мен көтерілістері туралы тарихи шындық әлі ашылып болған жоқ. Отан тарихындағы 1929-1931 жылдардағы дүрбелең оқиғалардың жалпы тарихи бейнесі өзінің шынайы бағасын алып болған жоқ. Басқасын былай қойғанда, ең негізгі деген халық наразылықтарын түгел қамтып, толық айта алдық деуден аулақпыз. Өйткені, бұл бір ғана мақала жұмысының көлеміне сиятын және жүгі бола алатын нәрсе емес. Оның үстіне біздің бұл зерттеулеріміз осы тарихи тақырыптағы алғашқы қадамдар, алғашқы ізденістер ғана. Олай болса, тақырыбымыздың өзектілігі күмән тудырмайды анықтайды.

ОГПУ-мен Голощекин мейлінше бүркемелеп, тұншалап халықтан жасырып келген Сарбаздар көтерілісі (ресми құжаттарда бұл көтеріліс Ырғыз көтерілісі деген атпен белгілі).

Көтеріліс 1930 жылы 25 ақпанында Ақтөбе округінің Ырғыз ауданында басталып кетті де, көп кешікпей-ақ көрші Арал ауданын да шарпыды. Бұл аудандарда алғашқы 6 сарбаздар отрядтары құрылған. Олардың басты басшылары көп кешікпей-ақ, елге де, жазалаушы отрядтарға да белгілі болды. Бұл кісілер мыналар еді. Мұқантай Саматов, Исатай Сатыбалдин, Жұмағазы Байымбетов, Ақмырза Тосов, Лаубаев, Қабыланов, Қанаев Айжарқын-хан, Төменбай Нұрлыбаев.

Шындыққа жүгінсек, көтерілістің ең басты шығу себебі- күштеп ұжымдастыру екенін көреміз. Архив құжаттарында мынадай фактілер кездеседі: көтеріліс басталардан бұрын Шалқар аудандық партия комитеті өзінің 1930 жылдың қаңтар айында қабылдаған шешімінде аудандағы бірқатар қожалықтарын 100 процент, ал кедейлер қожалықтарын 75 процент ұжымдастыру міндетін қойды. Егер бұл ауданда 1929 жылы бірде-бір қожалықтың әлі де ұжымдастырылмағанын ескеретін болсақ, бұл міндеттердің тым жоғары екенін де түсінікті еді. Бірақ амал қанша, нұсқаудың аты нұсқау. 1930 жылдың алғашқы айларында-ақ, осы аудандардағы ұжымдастырудың екпіні 54 процентке жетіп үлгерді. Дегенмен де, тіптен осыншама жылдам қарқынның өзі де Ырғыз ауданындағы ұжымдастыру көрсеткішінің шаңына да ілесе алмас еді. Өйткені мұнда аудандағы қожалықтарды ұйымдастыру 70 процентке орнатылды. Күштеп ұжымдастыру кезінде адам айтқысыз сорақылықтар орын алды: малдарын зорлап тартып алып, оларды өздерінің иелерінің союына да тиым салынды, егін екпейтін аудандардан тұқымдық астық жиналды, мал иелеріне малдарын басқаға сатуға рұқсат етілмейді, ал кімде-кім бұл тәртіпті бұзатын болса, оны сататын малды табанда кәмпескеледі.

Тұтас алғанда көтерілісшілерде қару болмады: бұл тек Ырғыз көтерілісіне ғана қатысты емес, шаруалар толқуларының көпшілігіне тән еді. Бұл туралы Сидельниковтің көтерілісті басу жөніндегі жедел топтың штабына жөнелткен рапортында да айтылды. Онда Сатыбалдин тобы жойылғаннан кейін барлығы 3 винтовка, 5 шиті мылтық, 1 найза, 1 қанжар және бірнеше балтаның қолға түскені айтылады. Оның орнына көтерілісшілердің 104 түйесі, 55 жылқысы, мүліктері мен азық-түліктері тартып алынған, әрине ол көтерілісшілердің ашаршылыққа ұшырауына әкеп соқтырды.

Мұндай тағдырға Ырғыз оқиғасының ықпалымен ұйымдастыру мен азық-түлік дайындау саясатына қарсылық көрсетуге тырысқан басқа да көтерілісшілер де тап болды. Мәселен, Ақтөбеден, Шалқардан, Қостанайдан, Торғай мен Қарсақбайдан жіберілген

отрядтардың күштерімен Наурызым, Қарсақбай және Жетіқара аудандарының бірнеше ауылдарының шаруалар көтерілістері қатігездікпен басып тасталды.

Голощекиннің қазақ ауылындағы жағдай туралы БК(б) Орталық Комитетінің хашылары Сталинге, Молотовқа, Қағановичке, Смирновқа 21 сәуір 1930 жылы жазған хатында Қостанай округінің Батпаққара ауданында болған осы көтерілістің басталған күні 1 қараша деп көрсеткен.

Голощекин мен ОГПУ байлардың, алашордашылардың контрреволюциялық бас көтеру деп бағалаған бұл көтеріліске Батпаққара, Наурызым мен Торғай аудандарының ауылдары қатысты. Айта кететін бір нәрсе, бұл аудандар 1916 жылғы патшаға қарсы ұлт-азаттық көтерілісін бастан кешірген, сол дәстүрде тәлім-тәрбие алған еді. Осы өткенге ғана шолу жасасақ, бұған біздің көзіміз жете түсер еді.

Көтеріліске себеп болған шаруаларға қарсы жасалып отырған террор еді. Байлардың бәрін тәркілеп, жер аударғаннан кейін, алым-салықтың, өкіметке өткізетін астық пен малдың негізгі салмағы енді ауқаттылар мен орташаларға түсті. Оған наразылық білдіргендердің бәрі түрмеге қамалып, істері сотқа берілді. Үстінен іс қозғап, адамды қолма-қол соттап жіберу ол кездегі оп-оңай әдетке айналды. Мысалы Батпаққара ауданында өкіметтің алым-салық және және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау саясатына наразы болды деген сылтаумен 1928 ж. 1 шілдеден 1929 ж. 1 қазанға дейін 188 адам сотқа берілді. Олардың ішінде ертеден сол өңірдегі белгілі, елдің бетке ұстар сыйлы азаматтары да бар еді. Көтеріліске дейін олардан 133 адам сотталып кетеді де, қалғандарының ісі әлі тергеуде болады. Бұған қоса 1929 ж күзде жиналған астықтың едәуір бөлігін сыпыра өкіметке алу науқаны жүргізіліп, шаруаларға тиімсіз ақы және қолда қалатын мардымсыз астық мөлшері олардың қатты наразылығын мардымсыз астық мөлшері олардың қатты наразылығын тудырды. Оның үстіне өкімет Батпаққара ауданында халықтың пікірін ескермей, 14 мешітті жауып тастаған еді.

Көтерілісшілер көрші ауылдарды да көтермей болмайтынын түсініп, олаға үгітшілер жіберді. Мысалы, осындай үгітшілер Қызылода округінің Қарсақпай ауданына және Ақмола округінің алыс аудандарына аттанып кетті. Бірақ ОГПУ - дың жергілікті кеңес, партия органдарымен тізе қосып жасаған шаралары үгітшелер адымын аштырмай аяқтан шалды, іздеріне түсіп аңдып, ақыры өздерін қолға түсірді.

Көтеріліске Наурызым ауданындағы № 7, 8, 9, 10, 11 ауылдарының қазақтары белсене қатысты. Олардың бәрі бірдей байлар немесе атқамінерлер емес. Кейбір орта шаруалар мен кедейлердің бірең-сараны көтеріліс отрядына сарбаз болып кірді. Кеңес өкіметі жіне Коммунистік партияның қатал да күштеу саясаты төменгі буындағы қызметкерлердің көтеріліске қатысушы емес, оны ұйымдастырушалр деп те кінә тақты. Содан болар көтерілісшілер арасында кейбір аудандық кеңестің төрағаларының тіптен қатардағы коммунистерді де кездестіруге болатын еді.

Көтеріліс жеңіліске ұшырап, ОГПУ ауыл-ауылдарды аралап, көтеріліске қатысты дегендерді толық қолға түсіру мақсатымен еріктілер отрядтарын ұйымдастырған кезде оған жазылғандар ішінде бұрынғы көтеріліске қатысушылар да болып шықты. Олардың осылайша кудалаудан аман қалуға әрекеттенгендері байқалады.

Дегенмен көтерілістің дем берушілерін жергілікті халықтың өздері көрсетіп, ГПУ-ге ұстап жатты. Мысалы, хан Омарбай Бармақов осылай ұсталды.

1930 жылдың көктемде басталған көтерілістердің ішінде көлемі жағынан да, трагедиялық сипаты жағынан да Қарақұм көтеріліс ерекше орын алады. Әрине, Қарақұм көтеріліс деген атау шартты нәрсе. Өйткені бұл оқиғаларға Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Аламесек және басқа аудандардың жеке-жеке топ болып, шаруа жайымен көшіп-қонып жүрген шаруалары қатынасқан болатын. Оған осы жерге көршілес Ырғыз, Арал, Қарсақпай аудандарының да кейбір ауылдары еріксіз тартылған еді.

1930 ж ақпан-наурыз айларында басталған ет дайындау, кулактар мен байларды жою, колхоздастыру науқандарының қысымына шыдамай Қарақұмға қарай көшіп кеткен ауылдар қолына қару алып, қорғауға мәжбүр болды. Себебі Қарақұмда қаптаған банда жүр, бәрінің

қолында қаруы бар деген қауесетпен ОГПУ органдары жан-жақтан отрядтар шығарып, оларды қарудың күшімен қудалауға кіріскен болатын. Оның үстіне жоғарыда айтылған Оренбургтергі 8 - атты әскер дивизиясының құрамынан арнайы бөлімдер әкелініп, Арал қаласында, кейіннен Жосалы станциясында Қарақұмдағы банданы жою жөнінде оперативтік штаб құрылды. Оны сол дивизияның командирі Евсеев басқарды. Жергілікті жерлерде құрылған ОГПУ отрядтары да соның қарамағына берілді. Бұған қоса барлау жұмыстары үшін бірнеше ұшақ шақырылды.

Шынына келгенде Қарақұмда көшіп жүрген халықтың қолында айтарлықтай қару жоқ еді. Оның үстіне жан-жақтан жіберілген барлаушылар да, жекеленген отрядтар да, жаппай қаруланған бандиттерді кездестіре алмай шарқ ұрды. Ақыры әскер бөлімдерімен қақтығыста қарусыз көп адамның шығын болуы әскери топ басшыларын ойландырмай қоймады. Командир Евсеевтің өзі қарусыз адамдарға соншама әскери күш қодаудың қажеті жоқ, қызыләскерлер жергілікті халықтың тілін, дәстүрін білмейді, Қазақстандағы қазақ басшысы кадрлары ең алдымен асыра сілтеуді доғарып, халықпен кездессін, көтерілісті өздері бассын, өйткені бұлар негізінен бейбіт халық деген пікірге дейін айтты. ОГПУ-дың Қазақстандағы өкілетті өкілінің орынбасары Альшанский көтерілістерді күшпен басып, «бандиттік қозғалысты» қайткен күнде жою қажет деген пікірден таймады. Республика басшысы Ф. Голощекин де осыны талап етумен болды.

Қарақұмдағы көтерілісшілерді талқандау мәселесі 31 наурызда біржолата шешілгендей болды. Архив құжаттарында сақталған мәліметтер ОГПУ қызметкерлері мен жазалаушы 8-атты әскер дивизиясының оперативтік бөлімдері басшыларының мәселені бейбіт жолмен емес, әскери соққы беру жолымен реттеуге тоқтағандарын аңғартады. ОГПУ-дің оперативтік мәліметтерінің бірінде мынадай жолдар бар: «...Қарақұм бандаларына соққы беру Голощекин жолдаспен келіседі. Қарақұмдағыларды жойған соң тірі қалған ұйымдастырушыларды ұстап алу, қаруларды тартып алу үшін дивизионды және коммунарлар отрядтарын 6-10 күнге қалдыра тұру алдын ала көзделуде».

Ақиқатын айтсақ, басқа жерлердегі сияқты Қарақұмды паналаған сорлылардың да көбінің қаруы жоқ болатын. Мысалы, Ырғыз бен Қарақұм көтерілісін басуға жіберілген 8-атты әскер дивизиясының бір отрядын басқарған Сидельников пен сол отрядтағы ОГПУ өкілі Рязанцев дегендер Ырғыздан 15 шақырым жерде кездескен Исатай Сатыбалдин басқарған көтерілісшілер тобын (барлығы 400 ден астам адам) 12-15 шақырым жерге дейін оқтың астына алып, қуалап жүріп қырды. Осының нәтижесінде 200-дей адам қаза тапты, ал әскер отрядынан ешқандай шығын болған жоқ. Қолға түскен қару саны мынадай: 3 винтовка, 5 аңшы мылтығы, 1 найза, 1 қанжар, бірнеше балта. Оның есесіне 104 түйе, 55 ат, көшіп-жүргендердің дүние-мүлкі мен азық-түлігі қолға түсті. Қарусыз соншама адамды қырып салудың ешқандай қисыны жоқ еді. Сидельниковтің осы қылығын дивизия басшылары мен командирлерінің өздері де айыптаған болатын. Ол кезде қу даланы кезіп жүрген отрядтар қолынан қарусыз адамдардың босқа қырылып қалуы сирек болған жоқ.

Қорыта келгенде, Үш жылға тарта уақытта Қазақстанда 372 – ге тарта бұқаралық бас көтерулер болған. Осы санның өзі – ақ, күштеу мен зорлауға негізделген сталиндік режимнің халық тарапынан жаппай қарсылыққа кездескенін дәлелдесе керек. Бұл наразылықтар мен баскөтерулер әсіресе, 1930 жылы, яғни қазақ даласына ашаршылық апаты енді - енді жайлай бастаған кезде аса қуалай өсті. 1929-1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері ұйымшыл және қуатты көрініс бергенімен, жеңіске жете алмады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 269 б.
2. Омарбеков Т. «Зобалаң» (Күшпен ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1994. – 272 б.
3. Қозыбаев М, Алдажұманов Қ, Әбілқожин Ж. «Қазақстанды күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық» – Алматы, 1991, – 36 б.

4. Қойгелдиев М, Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, Т.4. – Алматы: Атамұра, 2010. – 640 б.

## **ФРАНЦУЗСКАЯ РОМАНТИЧЕСКАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ**

**Амамбаева Айнура**, студентка 4 курса специальности «История»

Научный руководитель: **Бекмагамбетова М.Ж.**, к.и.н., доцент.

Костанайский государственный педагогический университет им. У. Султангазина,  
г. Костанай.

В первой половине XIX в. в европейской культуре постепенно утверждается новое и противоречивое по содержанию идейное и художественное течение - романтизм, который проник во все сферы художественного творчества и оказал сильное влияние на общественную мысль. В этом культурном потоке сформировалось и романтическое направление в историографии, занимавшее преобладающие позиции до середины XIX в. Важным фактором повлиявшим на появление романтизма явилась Великая французская революция конца XVIII в., которая с одной стороны нанесла сильный удар по остаткам феодального мировоззрения. С другой стороны она вызвала волну реакции, в ходе которой многие философы и историки отшатывались от прежних «властителей духа», отрицали и осуждали всё, что было создано творческой мыслью предшествующего столетия – эпохи Просвещения. Важнейшим явлением первой половины XIX в. явилась развернувшаяся промышленная революция, в ходе которой создавалась новая техническая база европейской цивилизации, и которая способствовала во многом, что общественная мысль продолжила своё поступательное развитие.

Первоначально романтизм в историографии оформился во Франции в русле реакции на Великую революцию, ополчившись на которую, а также на идеи Просвещения, он апеллировал к старине, к традиции. Его идеалом было феодальное прошлое. Наиболее последовательное выражение общественно-политические идеи консервативного романтизма во Франции нашли в сочинении Ж. Де Местра и Ф. Де Шатобриана.

Граф **Жозеф де Местр** (1753-1821), публицист, политический деятель, религиозный философ. В 1796 г. он опубликовал в эмиграции трактат «Соображения о Франции», направленный против Французской революции; большой известностью пользовались его сочинение «О папе» (1819) и особенно написанные в форме диалога «Петербургские вечера» (1821).

Один из первых представителей французского романтизма знаменитый дипломат, писатель, публицист **Франсуа Рене де Шатобриан**. В 1797 году он написал «Исторический, политический и моральный опыт о революциях древних и новых», в 1802 году «Гений христианства» и в 1809 году «Мученики» в 1801 году роман «Атала, или Любовь двух дикарей в пустыне», в 1802 году повесть «Рене, или Следствия страстей». Все его произведения религиозного содержания.[2, с. 83].

В течение одного десятка лет силами одного поколения создается новая историческая наука и целый ряд ее шедевров. Уже с 1818 г. Тьерри начинает свою реформу историографии. В 1820 г. Гизо начинает свой курс «О представительном правлении», в основу которого легли новые принципы политической философии и исторического исследования. В 1823 г. появляются первые тома «Истории французской революции» Тьера и «Опыты о французской истории» Гизо; в 1824 – «История французской революции» Минье и первые тома Истории герцогов Бургундских» Баранта; в 1825 – «История завоевания Англии» Тьерри; в 1826 – «История английской революции» Гизо; в 1827 – «Письма о французской истории» Тьерри, «Опыт социальной палингенезии» Баланша, «Новая наука»